

Ф.ғ.м. Шахажанова Г.К.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Қазақстан

Аңыз-эпсаналардың жанрлық ерекшеліктері

Аңыз-эпсаналар – ұлттық фольклордың көркемдік ерекшелігі, тағылымы терең салаларының бірі. Аңыздар – сан ғасырлар бойы халықтың өткенін білуге, тануға деген сұранысы мен қызығушылығын өтеп келген бай рухани қазына. Онда қазақ руханиятына қатысты көркемдік танымдармен қатар ұлт пен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы тарихында болған оқиғалар мен айтулы тұлғалар туралы хабар-деректер де сақталған. Аңыздарды тұтас фольклорлық жанрлар жүйесінде қарастыру және оның ұлт тарихындағы «ақтаңдақ» тұстарды қалпына келтіруге көмектесетін дерек көзі ретіндегі танымдылығын көрсету – көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі мен маңыздылығын айқындайтын басты сипаттардың бірі деп санаймыз. Тақырыптың өзектілігі мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының бағытымен де үндеседі.

Аңыз әңгімелердің тарихи адамның төңірегіндегі тууының, негізгі себебі сол адамның өз басына істеген, ісіне, белгілі бір тарихи кезеңде атқарған рөліне, әлеуметтік мәні зор еңбегіне байланысты. Ол адам батыр, не ел басшысы, «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен» шешен би немесе әділеттік іздеуші, халық мұңын жырлаушы күрескер болуы мүмкін. Бірақ ол адамдардың іс-әрекеттерімен байланысты айтылған әуелгі шындыққа қоспалар қосылып, сол істепті-міс, айтыпты-мыс деген әр түрлі лақап біртіндеп аңызға айналды. Оны әңгіме, жыр етіп, біреуден жаттап алып, кейінгі ұрпаққа қалдырады.

Аңыз әңгімелерге қиял көп араласса да, әлгі аңызға айналған адамның өзі кәдімгі қарапайым адамның қатарында қала берді.

Қазақ аңыздарындағы Асан қайғы, Жиренше шешен, Қорқыт т.б. – бәрі де шындықтағыдай, жай адамдар ретінде суреттеледі.

Аңыз әңгімелердің бәрі бірдей бір сюжет, бір идеялық мазмұны да бола бермейді. Тақырыбы бір болғанымен, идеялық мазмұны әр басқа болуы да мүмкін. Аңызда әр топтың өкілі өзінше баяндап, өзінше түсініп, оны өз тобының көзқарасына лайықтап, өз мүдесіне пайдалануға әкеп тірейді.

Қазақта Асан қайғы туралы аңыз әңгіменің бірнеше нұсқасы бар. Кейбіреулерінде ол өз халқына бақыт іздеп, Жерұйық тапса, жақсылықты алдан күтсе, кейбіреулерінде ол хандардың қамқоршысы кейпінде көрінеді, сары уайымға салынады.

Қазақ аңыз әңгімелерінде қиял-ғажайып дүниелер мол, олар адамды асыл армандарға бастайды, оның ұшқыр ойына қанат бітіреді, келешекке үміттенеді. Қазақ халық ауыз әдебиетінің аңыз, эпсаналар жанры.

Алға қойылған басты мақсат – тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы аңыздарды жүйелеу, кешенді түрде қарастырып, аңыздардың тарихилығы мен көркемдік белгілерін ашу. Аңыздардың фольклорлық жанрлар жүйесіндегі рөлі мен маңызын талдау, зерделеу. Осы мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысында мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- Аңыз-эпсана жанрының зерттелуіне шолу жасау;
- Аңыздарды тақырыптық жағынан топтап қарастыру;
- Аңыздардың ортақ сюжеттік құрамын белгілеп, оның өзге жанрларымен байланысын ашу, жүйелеу және кезеңдік сипаттарын айқындау;
- Аңыз бен тарихи шындықтың арақатынасын талдап, белгілі тұлғалар мен олардың фольклорлық бейнесі арасындағы байланысы мен айырмашылықтарын көрсету;

XX ғасырдың бірінші жартысында аңыздардың зерттелуі барлық басылым көрген мәтіндерді жинастырудан басталды. Аңыздарды зерттеу: тақырыбы бойынша, қағазға түскен уақыты мен қаһармандары бойынша жіктеу, жүйелеу жұмыстары, идеялық бағыты бойынша қаһармандардың халықтығы, халық кейіпкерінің аңыздағы орны, аңыздағы шындық пен қиялдың арақатынасы, аңыздардағы тарихилық мәселесі, ол үлгілердің ауыша тараған тарих іспетті екендігі; аңыздағы варианттылық мәселесі фольклорлық жанрдың бір көрінісі екендігі, тарихи оқиғалардағы тұлғалардың типтендірілуі мәселесі, аңыздағы көркемдіктің белгілері, аңыздардың сөз өнеріне қатысы, кеңестік аңыз бен тарихи аңыз байланысы; аңыздардың қоғамдық-саяси, тарихи және тәрбиелік маңызы, аңыздардың жанрлық табиғатын анықтау т.с.с. мәселелер сөз болды. Бұлар сол кездегі фольклортану ғылымының ұтымды жағы болды.

Сондай-ақ эпостық жырлардың идеялық-тақырыптық мазмұны; ондағы қиял мен шындықтың арақатынасы; халықтың тарихи санасы мен тарихи көзқарасының эпоста көріну белгілері; эпостың мазмұнындағы негізгі ерекшелік реализм болып табылатыны; эпостың композициялық, әрі стильдік безендірілуі; «ескі» эпостың дәстүрлі көркемдік құралдарын қолдану ықтималдығы; дәстүрдің біраз түрлерін ығыстыру мүмкіндіктері; бейнеліліктің жаңа тәсілдерін енгізу т.б. проблемалар жан-жақты қарастырылған болатын.

Жалпы ертегі ішіндегі қаһармандардың бет-бейнесінің өзгертілуі; қаһарманның іс-әрекетін бейнелеудегі фантастиканың алатын орны; кейіпкерді неғұрлым шынайы көрсету үлгісі; ұнамсыз кейіпкерлердің бейнесіндегі өзгерістерді бақылау; ертегі сюжеті мен кейіпкерін түсіндіруде олардың әлеуметтік жағы басым қарастырылуы; ертегілерді көркейтуге қолданылған көркемдік тәсілдердің де өзгерістерін бақылау; фольклорды таратушылардың ертегіге деген көзқарасының өзгеруі себептерін анықтау

т.с.с. бәрі де ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылыми алдында тұрған өзекті мәселелерді негіздегені анық.

Қазақ ұлты ауыз әдебиеті мұралары мол әрі ерекше дамыған ұлттардың бірі. Ұлтымыздың ұзақ ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жатқа айтылып, халықтың дана көкірегі арқылы сақталып бүгінге жеткен бұл мұралар күллі адамзат мәдениетінің сыл қазынасы саналады.

Аңыз – қазақ ауыз әдебиетіндегі жүйеден фольклор саласындағы бай жанрлардың бірі. Ол халық арасына кең таралған және барынша түрленіп, вариантталған. «Қазақтың халық аңыздары» ұлтымыздың ерекше бай ауыз әдебиетінің бір тармағы болып, мұның саны да, түрі де біршама мол екендігі анық. Аңыз туралы жүйелі зерттеулер елімізде өткен ғасырдың соңғы ширегінен кейін ғана жарық көре бастады. Бірінші кезекте Шоқан Уәлихановты атау абзал. Ол тарихқа қатысты әңгімелерді «тарихи аңыздар» деп атап тұңғыш рет ңызды тарихи оқиғалар мен адамдар жайында болатынын айтқан [1,25]. Оларды ертегіден де, жырдан да бөліп алған.

Ғалымның ойын ары қарай жалғастырған Н. Потанин болды. Ол да қазақ руларының шығуы жайындағы шежірелер мен тарихта болған қайраткерлер туралы әңгімелерді «аңыздар» деп атап көрсетті [2,33].

Одан кейінгі ғалымдар Шоқан Уәлиханов, Н. Потанин қатарлылардың анықтамасын жанрлық тұрғыда нақты шектемей аңыз әңгімелер деп жүрді. Соның салдарынан тарихи негізі бар аңыздар мен ойдан шығарылған көркем эпсәнәләр, сондай-ақ солармен бірге таралған хикаяттар біресе аңыздар, біресе аңыз аңыз ертегілер деп аталып жүрді.

Қазақ фольклортану ғылымында аңызды жеке жанр ретінде тұңғыш қарастырып, оның жанрлық белгілерін, негізінен дұрыс сипаттап берген ғалым Мұхтар Әуезов болды. Ол «ертегілер» деген еңбегінде халық аңыздарын «аңыз-ертегілер» деп атап өтіп, оған ертегілердің бір бөлегі ретінде тоқталған. Әрі аңызға: «Тарихта болған адамдар жайында айтылған халық шығарған көркем әңгіме» деген анықтама берді [3,45]. Және бұл жанрдың мынадай ерекшеліктерін атап өтті. «Аңыз тарихта болған адамның реал өмірдегі еңбегін суреттеуді басты мақсат етіп, оның өмірбаяны мен нақтылы іс-әрекеттерін түбегейлі көрсетіп береді» [3,45] – дейді. Алайда Мұхтар Әуезовтің бұл тұжырымдары ұлттық фольклортану барысында ары қарай жалғасып дамытылып та кетпеді,

Тек Мәлік Ғабдуллин қазақ ауыз әдебиетіне арналған оқулығында ғана бұл жанрға біршама орын берді: «Оқиға реал өмірден алынып болмысы шындық негізінде ауызша шығарған қазақ халқының көркем шығармаларының елеулі бір саласы – аңыз әңгімелер» [4,56], – деп атап өтеді. «Әрі, аңыз әңгімелердің алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен және тарихта болған адамдардың ісін, өмірін әңгімелеу негізінде туылған» [4,56] деген пікірді ортаға қояды. Бірақ соның өзінде де ол кісі аңызды жеке алмай «аңыз әңгімелер» деп атап оған жалпылық сипат берген. Әрі аңыз жанрының басты ерекшелігін де айқын көрсетіп бере алмады.

Жоғарыдан Мәлік Ғабдуллин көзқарасы Мұхтар Әуезовтің пікірін құптайтығын аңғарамыз. Бұл екі ғалымның айтуынан тыс, ғалым академик

Сейіт Қасқабасов қазақ фольклор саласында аңыз жанры туралы біршама жаңаша анықтама берген. Ол өзінің 1985жылы жарық көрген «Қазақтың халық прозасы» атты монографиясында қазақ фольклорінің ертегіден өзге прозалық жанрларын (мифтер мен халық аңыздарын) аңыздық проза қатарына жатқызады, ал мифтерден өзгелерін хикая, аңыз, эпсәнә-хикая деп тағы үш жанрға бөліп, оларды жеке-жеке дәлелдеп көрсетпек болады [5,56].

Сейіт Қасқабасовтың «қарабайыр мифтер» деп атаған «хикаялар» тобын, еліміздің әйгілі ғалымы Нығмет Мыңжан қазақ мифтерін рим-грек сықылды өзге ұлттардың мифтерінің қалпына салмай оны өз даму заңдылығы бойынша жүйелеу керек дейтін дербес көзқарасына негізделіп, мифтер қатарына жатқызады және оны нақтылап түсіндіреді [6,135].

«Аңыз», «әфсәнә-хикаят» деп айтуда Сейіт Қасқабасов орыс фольклорында «легенда», «предания» деген атаудың жанрлық және лексикалық мағынасын негізге алады. Бұл екеуі біз «аңыз» деп атап жүрген жанрлық жанрлық көлемді меңзейді. Ел арасында «ертек» «аңыз» ұғымдары кеңірек жайылған және қара сөзбен айтылатын шығармалары осы екі сөзбен атайтын дағды қалыптасқан, тегінде аңыз атауын кейбір қазақ ғалымдары «афсана» деп те атаған.

«Афсана» парысша атау болып, аңыз-әңгіме, хяли аңыз және мысал деген мағынаны білдіреді [7,416].

Бұрынырақта «аңыз ертегі» кейде «аңыз әңгіме» деп те аталған дейді. Орта мектеп әдебиет оқулықтарындағы аңыз анықтамасында көбірек аңыздың тарихқа қатыстылығы қарастырылған. Бұдан шығатын қорытынды жоғарыдағы ғалымдардың аңыз жанры жөніндегі түрліше тұрғыдан зерттеу барысында ортаға қойған, яғни қабылдаған көзқарастары, ол аңыз жанры және оның анықтамасы, жанрлық ерекшелігі жөніндегі зерттеулердің барысын, ауқымын бейнелейді. Әрі аңыздың ерекшеліктерін жалғасты зерттеп заңдылықтарын аша түсудің қажеттілігін сипаттайды. Бүгінгі күнге дейін аңыз жанрының белгілері толық сипатталып, бірлікке келіп қалыптасқан кемелді теориялық ұғым әлі қалыптасқан жоқ. Әркім әр қырынан баяндайды. Сол себепті күні бүгінге дейін аңыз деп аңыз-ертегілер ұғымдарын қатар айтып жүрміз. Шындығына келсек, бұл екеуі екі үлкен жанр. Олардың әрқайсына жеке атау беріп, жанр ретінде жеке қарастырып, толық сипаттау керек. Ертегі ойдан құрастырылған, жалпы элементтер көркемдеу амалы ретінде әдейі қолданылған әңгімелер деп есептелсе, аңыз хабарлау сипатына ие. Ежелгі дәуірде ертегіні оқу, одан эстетикалық ләззат алу үшін тыңдаса, аңыздарды хабар, ақпарат мақсатында айтқан. Бұл ертегілер мен аңыздардың негізгі айырмашылығының бірі. Ертегілер халықтың творчестволық қиялынан туған туындылар, оның біршама жалпыласқан тұрақты құрылымдылық формасы болады, мәселен, ертегі оқиғасының басталуы, ондағы бас кейіпкердің тылсым дүниеге сапары, жеңімпаздығы, мұратына жетіп отыруы т.б. оның үстіне ертегіде қиялы әсірелеу, мифтік элементтер көркемдеу амалы ретінде әдейі пайдаланылады. Ал аңызда мұндай тұрақты құрылымдық форма болмайды, ол айтушы мен тыңдаушының өресіне, білу ахуалына қарай оңай құбылады, айтушылар аңыз

оқиғасын туылған орны, орта, кейіпкер, шарт-жағдайына қарай кеңейтіп те, қысқартып та баяндауына бола береді. Аңыздағы қияли элементтер түсіндірмелі сипат алады. Оның үстіне ертегіге қарағанда аңыздар тікелей білімдік, танымдық рөл атқарады. Аңыздар ертегіден айтылу жағынан да өзгеше. Ертекті халық көбінесе ертегішілерден арнайы көңіл көтеру, қызықтау мақсатында тыңдайды. Ал аңыздар айтылуы Сейіт Қасқабасовтың сөзімен айтқанда «күнделікті сұхбат-әңгімеден оншалықты дараланып бөлектенбейді. Бұл жанрдың шығармалары топ адамның өзара сұхбатында айтыла береді. Себебі олар айтушы мен тыңдаушылар арасындағы әңгіме тақырыбына қатысты келеді. Сондықтан айтушы мен тыңдаушылар арасындағы әңгіме тақырыбына қатысты келеді. Сондықтан айтушы баяндап отырған аңыздың яки хикаяның көркемдігін әрлендіріп жатпайды. Оның міндетті-қажетті мәлімет яки оқиғаны хабарлау [5,61].

Әрине, қазақ аңыздары ауыз әдебиетінің өзге жанрларына оқшау күйде туылып, қалыптасқан жанр емес, ол халық ауыз әдебиетінің басқа салаларымен белгілі дәрежеде байланысып ұштасып жатады. Бірақ оны ертегінің құрамдас бөлігі деп есептемеу керек. Аңызды қазақ ауыз әдебиетінің өз алдына дербес бір саласы ретінде қарастыру қажет.

Аңыз терминін оқиғасы реал болмыстан алынып кейіпкері өмірде болған прозалық шығарма деген ұғымға тұрақтаймыз. Әуел баста тарихи шындыққа, нақтылы деректерге негізделіп, туылған әңгімелер кейін халықтың ауызша айтатын аңыздарына айналған. Бұл әңгімелер бертін келе әртүрлі қоғамдық жағдайларға халық тілегіне сәйкесе өзгеріп, жаңара берген, оған бергі заманның өмір шындығынан туған оқиғалар мен көзқарастар қосылып бұрынғы адамдардың аттарын сақтай отырып, соңғы кездің тілектерін де көрсететін осы заманғы жаңа аңыздар пайда болған. Жалпы айтсақ, аңыз дегеніміз – тарихи адамдар, тарихи оқиға және ескерткіштер, жер-су аттары, ұлт-ру, діни наным-сенім туралы халық арасында ауызша таралған деректі хикаялар.

«Халық аңыздары» белгілі тарихи дәуірдегі халық ортасында туылған ерекше оқиғалардың яғни ерекше әйгілі адамдардың басынан өткен, жұрт ұмытқысыз күрделі оқиғалардың ел аузында ұзақ жылдарға жалғасып аңыз болып айтылып, өте ұзақ замандарға жалғасып, кемелдене түскен әңгімелері. Қазақ халқының төл өмірінен туған мұндай аңыздарды мазмұнына қарай белгілі тарихи кейіпкерлер жөніндегі аңыздар, тарихи уақиғалар жөніндегі аңыздар, жер-су аттары жөніндегі аңыздар, және күй аңыздары деген үлкен төрт топқа бөліге болады.

Аңыздың пайда болу уақытына қарай оларды ерте заман аңыздары, таяу заман аңыздары, осы заман аңыздары деген үш үлкен топқа бөлуге болады.

Ерте заман аңыздарына Оғызхан, Қорқыт және Арыстан баб туралы аңыздарды енгізуге болады. Таяу заман аңыздарына Асанқайғы, Жиренше, Алдар көсе жайындағы аңыздарды кіргізуге болады. Осы заман аңыздарға Абылай, Қазыбек, Әбілқайыр, Бөгенбай, Жәнібек аттарына қатысты аңыздарды кіргізуге болады. Халық аңыздары халықтың тіршілік тұрмысында орнын өзгертуге болмайтын жанды шежіресі. Тұтас халық иелік

ететін қымбатты жасампаздық, көркем әңгіме, халықтың телегей-теңіз ақыл-ойының жемісі, тіл байлығының қайнар бұлағы.

Заман өткен сайын олардың сюжеті де мазмұны да, көркемдігі де өзгеріп жетіле береді. Ауызша шығарылып, ұрпақтан-ұрпаққа таралып отырған терең тамырлы, ғұмырлы нағыз халықтық нұсқа. Халық бұқарасы үшін де, әдебиеттер үшін рухани азық, аңыздар ежелгі фольклордің үлгісі.

Тарихтан бері кең сахараны мекендеп келе жатқан қазақ ұлты жомарт мінезі, сарқылмас ақыл-парасаты арқылы сахара мәдениетін қалыптастырды. Бұл күндері қазақтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мазмұны бай түрі мол аңыздары халқымыздың атам замандағы тарихы мен мәдениетін салт-дәстүрі мен діни негізін зерттеудегі бағалы материалына айналды. Қазақ халқы оны қашанда жадына сақтайды, сүйіп оқиды, құмарта тыңдайды, одан өлшеусіз рухани ләззәт алады.

Табиғат – адам баласы тіршілік қимылының қайнар көзі, әдетте аңыздың пайда болуы белгілі бір адамның бастан кешкен іс-әрекетіне негізделіп құрылады. Аңыздарда әсіресе, өткен күндердің шын мәніндегі тарихи оқиғалары маржандай тізіліп, сабақтас баяндалады. Аңыздарда халықтың шынайы тұрмыс тіршілігі де, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарда көрініс табады. Бұдан ұлтымыздың сонау бағзы заманнан бергі тарихтағы өмір көшірмелерін, салт-дәстүрін, діни сенімін ұлы табиғат дүниесін тануға талпыныс жасаған ізгі ниеттерін көре аламыз.

Он тоғызыншы ғасырдағы франциялық әйгілі ойшыл Павел Лафарг айтқандай: «Аңыз өтірікшінің өтірігі емес әрі түпсіз қиялдың туындысы да емес, қайта ол адамзат өскен өмірінің нақтылы картинасы» [8,99], ал, шынында біздің ата-бабаларымыздан жалғасқан алтынның сынығындай асылымызды алдағы күнде кемеліне келтіре зерттеп оны игілікке жаратуымыз кезек күттірмейтін борыш екені бәрімізге аян.

Әпсана (парсы, апсанс – аңыз, араб, хикаят – әңгіме) – қазақ фольклорлық прозасының жанры. Бұл терминді орыс, Еуропа әдебиеттерінде қалыптасқан "легенда" (лат. legenda) – ұғымының баламасы ретінде қазақ фольклортануына С.Қасқабасов енгізген. Әпсана – бағзы бір замандарда болыпты-мыс делінетін оқиғаларға немесе пайғамбардың, әулие-әнбиелердің ғажайып істерін баяндайтын діни сюжеттерге негізделген, сондай-ақ нақтылы тарихи, кітаби дерек, тиянағы жоқ, таза қиялының жемісі ретінде туған, фольклорлық прозаның көркемдік сипаты мейлінше қанық үлгісі. Әпсанадан аңызға да, мифке де, ертегілерге де тән жанрлық белгілер бірдей ұшырасады. Оқиғаның тым көне, архаикалық сипаты белгілі бір идеялық, тақырыптық бағдары діттейтін сюжеттік-композициясын шарттылық басымдылығы, көп нұсқалық-әпсананың негізгі ерекшеліктері әпсана шартты түрде тарихи-мекендік, діни-кітаби, әлеуметтік-утопиялық деп үшке бөлінеді. Тарихи-мекендік әпсана есте жоқ ескі дәуірде өткен оқиғалар, тарихи тұлғалар жайына арналады (Ескедір Зұлқарнайын, Қызыр, Қорқыт туралы әпсана). Діни-кітаби әпсана құран хикаяларын мазмұндап, әулиелердің тағдыр-талайын, тіршілік тауқыметін, т.б. өзек етеді (Мысалы: Аюп, Мұса, Әзірет Әли, Нұх, т.б. туралы әпсаналар). Ал әлеуметтік-

утопиялық эпсаналар халықтың тәңірі қалаған абат мекен Жерұйық хақындағы ой-арманынан туындайды (Асан қайғы, Абат, Өтеген батыр іздейтін Жұрұйық, Жиделі-Байсын туралы эпсаналар) [9,126].

Аңыз – фольклор жанры. Қазақ халық ауыз әдебиетінің тарихи негізі бар мол саласы. Онда айтылатын оқиғалардың, кейіпкер аттарының, елді мекен, жер атауларының, мезгіл мөлшерінің деректілігі басым келеді. Әуезов аңыз жанры жайында Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты монографиясында, 1957 ж. шыққан «Қазақ ССР тарихының» 1-томында жарияланған «Қазақ ауыз әдебиеті» атты көлемді еңбегінде жан-жақты айтқан. Алғашқы еңбектің «Аңыз ертегілері» деген тарауында: «Қазақ аңыздарының ертегілерден ерекшелігі сол – барлығы да тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болып келеді. Кейін оларға қоспалар қосылады да, халық творчествосының ерекше бір саласын құрайды» [10,56] – деп бірден екі жанрдың жігін ашып алады. Монографияда эпос пен аңыздың негізгі ерекшелігі – соңғысының қара сөзбен баяндалатындығы эпостағыдай кейіпкерді тарихи прототипінен көп алшақтатпайтындығы, циклды боп келуі дейді. Қазақ аңыздарын Қорқыт, Асан Қайғы, Алдар Көсе сияқты *тарихи адамдар туралы аңыздар мен күй аңыздары* деп екі түрге бөлген. Бұл еңбекте Қоқыт, Асан Қайғы, Алдар Көсе, Жиренше, Күй аңызы деп жеке тарауларға бөліп те талданған. М.Әуезов «*Қазақтың ауыз әдебиеті*» мақаласында аңыз жанрын ертегілермен бірге алып қарастырған. Алғашқы еңбекке қарағанда, көлемі шағын болғандықтан, ауыз әдебиеті жанрларын айқын ажыратып жіктемеген. Ертегі мен аңыздардың түп-төркіні халықтың арман-қиялы екенін негізге ала отырып, екі жанрға қатар талдау жүргізген. Әйтсе де, «*Берг кезде Жамбыл жазған «Өтеген батыр» поэмасының сюжеті Асан Қайғы жайындағы аңызға тығыз байланысты*» деп, ертегі мен аңыздың айырмашылығын айырып айтқан [9,126].

Аңыз әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Мұндай адамдардың ел үшін еткен еңбегі, қамқорлығы, халық намысын қорғауы, сол жолда жасаған игілікті іс-әрекеттері ел аузында аңыз әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Аңыз әңгімелерде халықтың қоспасы болғанымен, негізгі ой түйіні барлық жерде бірдей сақталады. Олардың өміріне байланысты әңгімелерде ертегілердегідей әсіре қиялдау көп кездеспейді. Оқиға желісі күнделікті өмірде кездесетін қарапайым сюжетке құрылады. Қазақ аңыздарындағы Асан қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе, Қожанасыр, Қорқыт т.б. – бәрі де қарапайым адамдар ретінде суреттеледі. Кейбір аңыз әңгімелердің басты кейіпкері көрші елдерге де ортақ болып келеді. Мысалы, Қожанасыр қазақ, қырғыз, өзбек ауыз әдебиетінде ортақ кейіпкер. Ол «ауылы аралас, қойы қоралас», қыз алысып, қыз берісіп құда-жекжат болып кеткен көрші елдердің ежелгі мәдени байланысының куәсі. Аңыз әңгімелерде көбінесе сарандық пен сақилықты, жалқаулық пен қикарлықты өткір сатирамен ажуалап сынау арқылы жастарды жаман әдет, жат мінездерден аулақ болуға баулуды мақсат тұтады. Қожанасыр әңгімелерінде (аңызда) оғаш қылығы, аңғал мінезі әжуа-

күлкі туғызып отырғанымен, негізі түйін ойда үлкен тәрбие-тәлім толқыны анық байқалады: оқушы оқып күле отырып шындықты түсінеді. Осындай халық арасына кең тараған күлкілі сықақ аңыз әңгімелердің бір тобы Алдар көсе атымен байланысты туған. Көсе образы – қарапайым халықтың күлкіні сараң байларға, оның өкілдеріне қарсы жұмсау, оларды келеке-мазақ ету тілегінен туған образ. Мұны біз «Алдар көсе мен Алаша хан», «Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай», «Алдар көсе мен саудагер» т.б. аңыз әңгімелерден көреміз. Осы аттары аталған хан, бай саудагерлерді Алдар көсе өзінің тапқырлығы, ақыл-айласының арқасында алдап соғады, ел алдында мазақ, күлкі етеді. Халық аузындағы мәтелге айналған «Жұмыртқадан жүн алатын», «Өзі тойса да, көзі тойматын», «Кесіп алса қан шықпайтын» шық бермес Шығайбай – сараңдықтың жиынтығы. Шығайбайдың әдеті мен ісінен сараңдық, дүниеқорлық, өзімшілдік айқын көрінеді. Оның осы мінезін жек көрген халық қапияда жол, қапылыста сөз табатын, айла-амалы мол Алдар көсені жіберіп, Шығайбайды бірнеше рет жер қаптырды. «Ұрының әйелі өзіне лайық» дегендей, оның тәрбиесіндегі үй-іші – әйелі, қызы Шығайбайдың өзі тәріздес пиғылы тар сараң жандар. Көсе үйге кіріп келгенде әйелі илеп отырған нанды, қызы үйітуге әзірлеп отырған қазды жасыра қояды. Бұл әрекеттер Шығайбайдың образын толықтыра түседі. Сараңдық пен дүниеқорлық жаны қас Алдар көсе табан аузында сөз тапқыштығымен өзінің жаңа ғана көргендерін әңгімеге қосып, келе жатып үлкен сары бас жылан көргенін, оны өлтіргенін тұспалдап айтып береді. «Осы айтқандарым өтірік болса, байеке сіздің астыңыздағы қазыдай тілінейін, бәйбішенің нанындай иленейін, қызыңның астындағы қаздай жұлынайын» [11,113], – деп аяқ астында оларды масқара етеді. Алдар көсе ақыры байдың қызы Бізбикені алдап алып кетумен уақиға аяқталады. Ал «Алдар көсенің шайтанды алдауы» деген әңгіменің сюжеті, құрылысы басқаша болып келеді. Халық ұғымында шайтанды ешкім алдай алмайтын болса, бұл әңгімеде Алдар көсе өзінің қулығымен шайтанды алдап кетеді. Оның өтірік өліп тірілуі, шайтанға қазы алдыруы, үлкендігін бұлдап, шайтанның мойнына мініп қамшымен сабауы, шайтандар қорқатын тікен арасына тығылып, ала қаптағы алтында алып құтылып кетуі арқылы адам айласы шайтанды да жеңеді деген идеяны білдіреді. Алдар көсе туралы аңыздардың қай-қайсысы болмасын оны тапқырлықтың өкілі етіп және ол қандай іс-әрекет жасаса да жазғырмай, сүйікті етіп көрсетуі Алдардың ел санасынан ұнамды кейіпкер түрінде тұрақты орын алғандығын аңғартады.

Әдебиеттер

1. Қасқабасов С. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы // Қазақ фольклористикасының тарихы – Алматы: Ғылым, 1988. 146-147 б. б.
2. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014 Т.1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – 320 бет

3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
4. Элиаде М. Миф о вечном возвращении / Пер. с фран. Е.Морозова (1, 2. глава), Мурашкинцева Е. (3, 4 глава).1998.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. – 412 б.
6. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. –Алматы: Арыс баспасы, 2008
7. Қасқабасов С. Ойөріс – Астана: Фолиант, 2009. – 320 б.